

Кәсіпорын шығындары: мәні, түрлері

***Тұрақты және ауыспалы
шығындар.
Өзіндік құн калькуляциясы***

Жоспары:

- 1. Өндіріс шығындары***
- 2. Кәсіпорын шығындарының түрлері***
- 3. Шығындардың топтастырылуы***
- 4. Нақты мысалда тұрақты және ауыспалы шығындарды анықтау***

Өндіріс шығындары



өнім (жұмыс, қызмет) өндірісі процессінде пайдаланылатын табиғи ресурстардың, шикізаттардың, отынның, энергияның, негізгі қордың, сонымен қатар оны өндіру мен өткізудің басқа да шығындарының құндық бағасы

Кәсіпорын шығындарының түрлері:

Өндіріс шығындары ұдайы өндірісте үлкен мәнге ие, келесі топтарға бөлінеді:

- **Өндіріске және қызмет көрсетуге жұмсалатын шығындар** – бұл көрсетілетін қызметтердің және өткізілген өнімнің өзіндік құнынан өтелетін ағымдағы шығындар;
- **Өндірісті ұлғайтуға және жаңартуға жұмсалатын күрделі шығындар.** Олар амортизациялық қормен, кәсіпорынның пайдасымен, бағалы қағаздар және несие арқылы өтеледі;
- **Кәсіпорынның әлеуметтік-мәдени тұрғын үй мұқтаждарына жұмсалатын шығындары.** Өнім өндірісімен тікелей байланыспаған және арнаулы қордан кәсіпорын пайдасымен өтелетін шығындар.

Шығындардың топтастырылуы


1. Өнім шығарылымының көлеміне байланысты:



➤ **Тұрақты шығындар** - өндірілетін өнімнің көлеміне тәуелді емес шығындар (мысалы: ұйымдастыру, басқару шығындары, аренда төлемі, амортизация, ғимаратты күту, сақтандыру т.б.);



➤ **Ауыспалы шығындар** - өнім көлеміне тура пропорционалды шығындар (мысалы: шикізат және материал шығыны, технологиялық отын шығыны, жартылай фабрикаттар, жұмысшылар жалақысы, транспорт шығындары т.б.)



$$C_{\text{тұрақты}} + C_{\text{ауыспалы}} = C_{\text{жалпы}}$$

2. Өндіріс сипаты бойынша:

- негізгі – өнімді дайындаудың технологиялық процессімен тікелей байланысты шығындар (шикізат, материалдар, отын, өндірістік персоналдардың жалақы шығындары және т.б.);
- үстеме – кәсіпорынның жұмысы мен өнім өндіру үшін қажетті жағдай жасаумен байланысты көмекші өндіріс шығындары.

3. Өнімнің өзіндік құнына шығындарды жатқызу тәсілі бойынша:

- тура – калькуляцияланатын нақты өнім бірлігіне тікелей жатқызылатын шығындар;
- жанама – бірнеше өнім түрлеріне ортақ болып табылатын шығындар

4. Күрделілігіне қарай:

- *жай* (простые) – бір элементтен тұратын шығындар.
- *кешенді* (комплекстік) шығындар – бірнеше элементтерден тұратын шығындар (цех шығындары, жалпы зауыттық шығындар, арзан бағалы шығындар).

5. Өндірісте пайдалану мерзімдері бойынша:

- ағымдық – күнделікті жұмсалатын шығындар;
- бір мезеттік – инвестиция, күрделі қаржы салымы жұмсалатын шығындар: жаңа жабдық, техника сатып алу т.б. бір реттік шығындар.

6. Шығынның пайда болу орындары бойынша:

- учаскелік шығындар;
- цех шығындары;
- өндіріс шығындары.

7. Экономикалық элементтер бойынша (өндіріс шығындарының сметасы):

әдетте экономикалық элементтер бойынша шығындар сметасы жасалады: жабдықтарды пайдалану және күту шығындары; цех шығындары және жалпы зауыттық шығындар сметалары.

Сметалар келесі элементтер бойынша жасалады:

- шикізат және негізгі материалдар, сатып алынатын жартылай фабрикаттар;
- көмекші материалдар - өндіріс процессіне қызмет көрсетеді;
- сатып алынатын отын;
- сатып алынатын энергия;
- еңбек төлемі шығындары;
- әлеуметтік салық аударымдары;
- негізгі қорлар амортизациялары;
- басқадай шығындар.

8. Калькуляция статьялары бойынша:

Калькуляция негізінде өнім бірлігінің өзіндік құны есептеледі

Калькуляцияда шығындар келесі баптар бойынша топтастырылады:

- шикізат, материалдар;
- қайтарылатын қалдық (шегеріледі);
- технологиялық мақсаттағы энергия және отын;
- өндірістік жұмысшылардың негізгі жалақысы;
- өндірістік жұмысшылардың қосымша жалақысы;
- әлеуметтік қажеттілік аударымдары;
- жабдықтарды пайдалану және күту шығындары;
- өндірісті дайындау мен игеру шығындары;
- цехтік шығындар;

А Цехтік өзіндік құн

- жалпызауыттық шығындар;
- брактан болған жоғалтулар;

В Өндірістік өзіндік құн

- өндірістен тыс шығындар.

С Толық өзіндік құн

Өнімнің өзіндік құнын анықтау

Өзіндік құн - өнім бірлігін өндіруге және өткізуге жұмсалатын барлық шығындар жиынтығы.

$$S = C_{\text{жалпы}} / Q$$

Өзіндік құны келесідей топтастырады:

- Жоспарлы өзіндік құн – жоспарланған шығындар деңгейінде анықталады.
- Нақты өзіндік құн – нақты шығындар бойынша анықталады.
- Цехтық өзіндік құн – барлық цехтар бойынша өнімді дайындаумен байланысты шығындар.
- Өндірістік өзіндік құн - өнім өндірісінің шығынының барлық түрлері.
- Толық өзіндік құн – кәсіпорынның өнімді өндіру және өткізу шығындары.
- Технологиялық өзіндік құн – технологиялық процессті орындаумен байланысты шығындардың қосындысымен анықталады.

Мысалы: Фитнес жаттығу залын ашу кезінде мынадай бір мезеттік шығын

БІР МЕЗЕТТІК ШЫҒЫНДАРЫ

Жаттығу залын ашуға арналған бастапқы инвестиция:

- Залды арендаға алу — 250 000 тг.;
- Жаттығу залына арналған жабдықтар — 3 000 000 тг.;
- Фитнес залға арналған жабдықтар — 850 000 тг.;
- Басқа керек жарақтар — 600 000 тг.
- Жарнама — 200 000 тг.

Барлығы: 4 900 000 тг



Ай сайынғы шығындары мыналар болуы мүмкін:

- Аренда ақысы
- Коммуналдық төлемдер ;
- Қызметкерлердің еңбекақысы тг.;
- Салық және әлеуметтік аударымдар тг.;
- Спорт жабдықтарын жөндеу және қызмет көрсету;
- Жарнама және жылжыту шығындары;
- Банкке ай сайынғы төлем сомасы



Кәсіпорынның ауыспалы шығындары:



Жұмысшылардың негізгі еңбекақысы, қосымша еңбекақысы, электр энергиясы
Қызмет көрсету саны өсуіне/төмендеуіне байланысты барлық шығындары

Кәсіпорынның тұрақты шығындары



Қызмет көрсету санына байланыссыз барлық шығындары:
-аренда төлемі,
басшының жалақысы,
амортизация шығыны,
жолсапар, еден жуушы ақысы, кеңсе шығындары